


СЫНЫП: 6	Қатысқан оқушылар саны: 8	Қатыспаған оқушылар саны: 2
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>	Арыстан бап кесенесі	
Сабаққа негізделген оқу мақсаттары	6.1.5.1 – тірек сөздер, жетекші сұрақтар, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау 6.3.3.1 – орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау 6.4.4.1 – мәлеметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау	
Сабақ нәтижесі:	<p><b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Берілген мәтіннің негізгі ойын анықтап, кластер құра алады.</p> <p><b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Тақырыпқа байланысты тірек сөздерді қолданып, сұрақтар қоя біледі.</p> <p><b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Тақырыпқа байланысты ақпаратты тиянақтап, сұрақтарға жауап бере отырып негізгі ойды анықтайды, ақпаратты өмірде қолдана алады.</p>	
Бағалау критерийі	Мәтіннен негізгі ойды анықтап, ат қоя алады. Трек сөздерді қолданып, сұрақтар қоя біледі. Мәтінді оқып, ақпаратты қолданып кластер құрастыра алады.	
Тілдік құзіреттілік	Өзге ұлт өкілі балаларының қазақ тілінде дұрыс айту, жазу қабілеттерінің жетілуі	
Ресурстар	Оқулық, суреттер, кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, тапсырмалар, кері байланыс «Блоб ағашы», стикер.	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, көрнекілік. Рефлексия.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы	
<b>Сабақтың жоспары</b>		

Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы :	Бағалау түрлері
<p><b>Басталуы</b> <b>5 минут</b></p>	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі 2 минут</b> <b>Шаттық шеңбер</b> <i>Оқушылар бір –біріне тілек тілейді:</i> <i>Қайырлы күн, досым!</i> <i>Қайырлы күн болсын!</i> <i>Жеті күннің әр кезі сәттілікке толсын!</i> <i>Біздің алар бағамыз,</i> <i>Кілең бестік болсын!</i> <b>Өткен тақырыпты қайталау</b> <b>«Сандықшадағы сұрақтар»</b> <i>Сандықшадан сұрақ суырып алып, берілген сұрақтарға жауап бере отырып қайталау</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• <i>Жібек Жолы романын кім жазды?</i></li> <li>• <i>Басты кейіпкері кім?</i></li> <li>• <i>Қандай көне қалаларды білесің?</i></li> <li>• <i>Ұлы Жібек Жолы қанша қашықтыққа созылған?</i></li> <li>• <i>Неге Ұлы Жібек Жолы деп аталған?</i></li> </ul> <p><b>Үй тапсырмасын тексеру: 2 етістікті жіктеу</b></p> <p><b>Оқушылар сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтайды</b></p>	<p>Бас бармақ</p>  <p>Дұрыс – дұрыс емес</p>
<p>Жаңа білімді бекіту 10 минут</p>	<p><b>Жаңа сөздер:</b> Кесене, мазар Көріпкел Деректер Сәулетті <b>1.Сөздерді қолданып сөз</b></p>	<p>Қолпаштау</p>

Ортасы  
15 минут

**тіркестерін және сөйлемдер құру.**

*Бағалау:* Әр дұрыс құралған сөз тіркесіне, сөйлемге «қол шапалақтау».

Арыстан баб кесенесі — көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Ол Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы болған. Мазар 14 ғасырда қайта жөнделген. Арыстан баб кесенесі 20 ғасырдың басында қайта жөнделген.

**Мәтінмен жұмыс Оқылым.**  
Тыңдалым.

Арыстан баб кесенесі - көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Бұл кесене XI ғасырда өмір сүрген діни көріпкел Арыстан баб мазарының үстіне салынған. Кесененің бірінші құрылысы XIV-XV ғасырға жатады. Сол құрылыстан кесілген айван тізбектері қалған. Тарихи деректер бойынша XII-XVIII ғасырларда кесене бірнеше рет қайта салынып, қайта жаңартылған. Қазіргі кезде бұл кесене Орталық Азиядағы қажылық міндетті өтейтін мұсылман киелі жерлерінің бірі болып саналады.

**Тапсырмалар:**

1. Мәтінді оқып негізгі ойды анықтап, мәтінге ат қою.
2. Кластер

**Сергіту сәті:**

Күлім қағып қолымды...

Аяқталуы  
Сабақты бекіту  
5 минут

құрастыру.  
3. «**Бумеранг**»  
**стратегиясы** Тірек сөздер қолданып мәтінге байланысты сұрақ қою.

4. Арыстан бап кесенесінің суретіне қарап 2-3 сөйлеммен сипаттау


**Дескриптор:**

1. Негізгі ойды анықтап, мәтінге ат қоя алады, мәтінді оқиды-2 б
2. Кластер құрастыра алады – 2б
3. Тірек сөздерді қолданып сұрақ қоя алады – 2 б
4. Суретті сипаттап 2-3 сөйлем құрастыра алады – 2 б

**Бағалау формасы:**  
**«Басбармақ» стратегиясы**

**«7 қадам» әдісі бойынша сабақты аяқтау.**

1. Бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай?
2. Арыстанбап кесенесі қай ғасырда салынған?
3. Кесене қай қалада орналасқан?
4. Арыстан бап кімнің ұстазы болған?
5. Кесене нешінші ғасырда



Кеспе мәтіндер.

Кері байланыс  
3 минут

«Блоб ағашы»

қайта жөнделген?  
6.Арыстан бап кім болған?  
7.Кесене орналасқан жер  
қандай жер болып саналады?

**Сабаққа кері байланыс  
«Блоб ағашы» стратегиясы  
арқылы.**

**Сабақ аяқталды, сау  
болыңыздар!**